

«6D071900 – Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Ханиев Бақыт Абайұлының «Фотон әсері бар кездегі шалаөткізгіштік газ сенсорларының электрлік сипаттамалары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

п/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	«Техника ғылымдары саласындағы ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер» ғылымды дамытудың басым бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады/коспайды</u> , ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u> .	Диссертациялық жұмыста келтірілген мәліметтер ғылымға маңызды үлес қосады. Ол жаңа, ғылыми негізделген нәтижелерді көрсетеді, оларды қолдану маңызды қолданбалы мәселелерді шешуге ықпал етеді – кеуекті кремний бетін модификациялау арқылы аммиак, этанол, толуол және хлороформ газ молекулаларына аса сезімтал газ сенсорын дайындау және сипаттамаларын зерттеу.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен;	Автор диссертациялық жұмыстың барлық бөлімін, жұмыстың мақсаты мен міндеттерін айқындауды, әдістемелерді қоюды және тәжірибелік жұмыстар жүргізууді, сондай-ақ, тәжірибе нәтижелерін өндеп ғылыми жарияланымдарға дайындауды толығымен өзі

		4) өзі жазбаған	орындаған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Ханиев Б.А. диссертациялық жұмысы қазіргі кезде өзекті мәселе болып отырған – қоршаған ортадағы ауа құрамын талдау, зиянды және улы газдарды мониторинг жасау адам және табиғат қауіпсіздігі үшін қолданылатын аммиак, этанол, толуол және хлороформ газ молекулаларына сезімталдығы мен селективтілігі жоғары газ сенсорларын дайындауда кеуекті кремнийді қолдану мүмкіндігін зерттеуге және кеуекті кремнийдің бетінде магнетрондық тозандату технологиясымен өсірілген металлооксидтік шалаёткізгіштер мен химиялық әдіспен орнатылған никель қабатының газ сенсорының сипаттамаларына әсерін зерттеуге арналған.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды 1) <u>айқындауды</u> ; 2) жартылай айқындауды; 3) айқындаамайды	Диссертациялық жұмыстың мазмұны тақырыбына сай және ондағы келтірілген бөлімдер, бөлімшелер, қорытынды, тұжырымдар мен шешімдер бір-бірімен үйлесімді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жок	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық түрде өзара байланысқан және қойылған мақсаты мен міндеттерін шешүге бағытталған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Диссертацияда келтірілген нәтижелер мен тұжырымдар ғылыми негізделген. Барлық мәліметтер толықтай дәлелдемелермен қамтамасыз етілген. Белгілі шешімдерге талдау жүргізілген. Сыни талдау бар.

	<p>5.</p> <p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертацияда келесі ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа болып табылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Кеуекті кремнийге (КК) негізінде жасалған электрондық газ сенсорының электрлік сипаттамаларының сезімталдығы ең жоғары болатында КК-ді электрохимиялық жемірудің тиімді параметрлері аныкталды. - КК бетін металл қабатымен жабу және металл-оксидтік шалаөткізгіштерін орнату арқылы электрондық газ сенсорларының полярлы және полярлы емес газдарға сезімталдығы мен селективтілігінің артатындығы эксперимент жүзінде көрсетілді. - КК, CuO/КК, WO₃/КК шалаөткізгіштік материалдарының вольт-амперлік сипаттамаларындағы бейсызық гистерезистік құрылымға бөлме жағдайында және жарық фотоны әсер еткен жағдайда сандық талдау жасалды.
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Қорғауға ұсынылған диссертациялық жұмыстың қорытындылары толығымен жаңа болып табылады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толықтай жаңа және негізделген.</p>
6.	<p>Негізгі қорытындылардың негізділігі</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми түрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген.</p>

7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кен</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) жоқ</p>	<p>Қағидат 1 Электрохимиялық жолмен $j = 5 \text{ mA/cm}^2$, $U = 30 \text{ В}$, $t = 40 \text{ мин}$ (72 % кеуектілік) параметрлерінде алынған р-типті наноқұрылымды КК кеуектілігі 59-83 % аралығындағы 0.1 ppm NH_3 концентрациясында ең тиімді электрондық газ сенсоры болып табылады.</p> <p>7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 кен 7.5 ия</p> <p>Қағидат 2 CuO/КК материалының негізінде дайындалған электрондық сенсордың полярлы емес толуол және хлороформ буларының 0.1 ppm концентрациясына $U = 2 \text{ В}$ кернеу мәніндегі сезімталдығы бастапқы КК-мен салыстырғанда, сәйкесінше, <1 %-дан 33.9 % және 27.6 %-ға жетеді.</p> <p>7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 кен 7.5 ия</p> <p>Қағидат 3 Интенсивтілігі $0.1 \text{ Вт}/\text{cm}^2$ ксенон лампасының жарығын түсірген кездегі КК мен CuO/КК, $\text{WO}_3/\text{КК}$ гетероқұрылымдарының 0 – 2 В кернеу аралығында өлшентген ВАС-ларындағы бейсзық гистерезис аудандары бөлме жағдаймен салыстырғанда, сәйкесінше, 10.6, 2.1 және 3.7 есе артады.</p> <p>7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 ия</p>
----	--	---	---

			7.4 кең 7.5 ия
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>ия</u>; 2) жоқ</p> <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>/жеткіліксіз</p>	<p>Диссертацияда қолданылған әдістеме негізделген және жеткілікті түрде сипатталған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен компьютерлік технологияларын қолдану арқылы алынды. Атап айтқанда: LabView, Origin, Proteus, Arduino.</p> <p>Теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар тәжірибелік зерттеулермен дәлелденген. Алынған нәтижелер Қазақстандық және басқа да шет елдердегі жарияланымдармен расталады.</p> <p>Диссертациялық жұмыста пайдаланылған маңызды мәлімдемелер өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p> <p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста 123 ғылыми жұмысқа сілтеме жасалған.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:	Диссертацияның теориялық маңыздылығы бар. Осыған дейінгі зерттеу жұмыстарында мұндай мәліметтер келтірілмеген.

		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алғынан нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>иia;</u> 2) жоқ 	Докторант Б.А. Ханиевтің диссертациялық жұмысында жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелерін қолданыста бар электрондық газ сенсорларын дайындауда пайдалану мүмкіндігі жоғары.
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	Диссертациялық жұмыста қол жеткізген ғылыми-зерттеу нәтижелері мен практикалық ұсыныстары толығымен жаңа.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен. 	Диссертациялық жұмыс қазақ тілінде түсінікті әрі сауатты жазылған. Ешқандай түсінбеушілік туғызатын жағдайлар орын алмаған және талаптарға сай рәсімделген.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Ханиев Бақыт Абайұлына философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын.

Ресми рецензент:

Назарбаев университеті

Жеке мекеме “National Laboratory Astana”

Жаңартылатын энергия көздері

зертханасының

ғылыми қызметкері, PhD



Токтарбайұлы О.